

**ЕВРЕЙ САЗЫ**  
(*Байроннан*)

Жаралы жаным менің. Тез, тез, әнші,  
Арфаны мынау алтын қолыңа алшы.  
Жорғалап жөнелгенде саусақтарың,  
Пейіштің ыңыранып күйі ояншы.

\*\*\*

Біржола үміт, арман қалмаса өліп,  
Кеудемде бір оянсын тебіреніп.  
Саулаған көздерімде бір тамшы жас,  
Бар болса, балқиыншы соны төгіп.

\*\*\*

Мейлі әнің болсын тағы тағдырымдай,  
Маған жат шаттық, үні, о құрбым-ай.  
Келеді бір жылағым, абзал жыршым,  
Тұрғанда көкірегім қарс айрылмай.

\*\*\*

Сіңіріп көп қасірет жұтқан ұдай,  
Булыққан жан сарайым бір ашылмай.  
Соқты енді қатал сағат толды кеудем –  
Ажалдың уға толы шарасындай.